

АЙНАЛЫСТА БОЛУ МЕРЗІМІ 12 (ОН ЕКІ) АЙДАН АСПАЙТЫН ОБЛИГАЦИЯЛАР ШЫҒАРЫЛЫМЫ ТУРАЛЫ МӘЛІМЕТТЕР ҚҰРЫЛЫМЫ

1. Эмитенттің толық және қысқартылған атауы қазақ, орыс және ағылшын (егер бар болса) тілдерінде.

Толық атауы:

Қазақ тілінде:	"Микроқаржы ұйымы аФинанс" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі
Орыс тілінде:	Товарищество с ограниченной ответственностью "Микрофинансовая организация аФинанс"
Ағылшын тілінде:	

Қысқаша атауы:

Қазақ тілінде:	"МКҰ аФинанс" ЖШС
Орыс тілінде:	ТОО "МФО аФинанс"
Ағылшын тілінде:	

2. Эмитенттің бизнес-сәйкестендіру нөмірі;

200240014008

3. Эмитенттің уәкілетті органының айналыс мерзімі 12 (он екі) айдан аспайтын облигациялар шығару туралы шешім қабылдаған күні:

12.09.2025

4. Облигациялар шығарылымы туралы мәліметтер:

1) облигациялардың түрі, облигациялардың саны және облигациялар шығарылымының жалпы көлемі:

Облигациялардың түрі: Қамтамасыз етілмеген купондық облигациялар

Облигациялар саны: 30 000 (Отыз мың)

Облигациялар шығарылымының жалпы көлемі: 3 000 000 (Үш миллион) АҚШ доллары

2) номиналды құнын сипаттайтын валюта көрсетілген бір облигацияның номиналды құны:

100 (Бір жүз) АҚШ доллары

3) облигациялар айналысының басталу күні және мерзімі:

Облигациялар айналысының басталу күні:

Бұл құжат ҚР 2003 жылдың 7 қаңтарындағы "Электронды құжат және электронды сандық қол қою" туралы заңның 7 бабы, 1 тармағына сәйкес қағаз бетіндегі заңмен тең.

Данный документ согласно пункту 1 статьи 7 ЗРК от 7 января 2003 года N370-II "Об электронном документе и электронной цифровой подписи" равнозначен документу на бумажном носителе.



Облигациялар айналысының басталу күні («Айналыстың басталу күні») – «Қазақстан қор биржасы» АҚ-ның («Биржа») сауда жүйесінде Облигацияларды орналастыру бойынша алғашқы өткен сауда-саттық күні болып табылады. Айналыстың басталу күні туралы хабарлама Биржаның веб-сайтында (www.kase.kz) жарияланады.

Облигациялардың айналыс мерзімі:

Ай: 0

Күн: 360

4) облигациялар бойынша сыйақы мөлшерлемесі:

Купондық сыйақы мөлшерлемесі Облигациялар айналысының бүкіл мерзіміне тұрақты болып белгіленген және Облигацияның номиналдық құнының 12% (он екі пайызын) жылдық есеппен құрайды.

5) облигациялар бойынша сыйақы төлеу мерзімі:


Облигациялар бойынша сыйақы төлеу Облигациялар айналымының барлық кезеңі ішінде Облигациялар айналымы басталған күннен бастап әрбір ай сайын, жылына 12 (он екі) рет төленеді. Төлем Облигациялар айналысының бүкіл мерзімі ішінде жүргізіледі. Есептік негіз — 30/360 (айына отыз күн, жылына үш жүз алпыс күн). Сыйақы есептеу Облигациялар айналысының басталу күнінен басталады және Облигациялар айналысының соңғы күнінде аяқталады. Сыйақы төлеу құқығына ие және Эмитенттің бағалы қағаздар ұстаушыларының тізілім жүйесінде тіркелген тұлғаларға төленеді. Бұл тіркеу сыйақы төленетін кезеңнің соңғы күні басталған сәттегі жағдай бойынша жүзеге асырылады (Облигациялар ұстаушыларының тізілімін жүргізетін орталық депозитарий орналасқан жердің уақыты бойынша) (әрі қарай – «Тіркеу күні»). Сыйақы төлемі Эмитенттің Облигациялар ұстаушыларының банктік шоттарына Тіркеу күніндегі тізілімдегі мәліметтерге сәйкес, 15 (он бес) күнтізбелік күн ішінде аудару арқылы (орталық депозитарий орналасқан жердің уақыты бойынша) жүзеге асырылады. Купондық сыйақының әрбір Облигация ұстаушысына төленуге жататын сома төлем жүргізілетін күні тиісті Облигация ұстаушысына тиесілі орналастырылған Облигациялардың атаулы құны мен купондық сыйақының айлық мөлшерлемесінің (Облигациялар бойынша жылдық купондық сыйақы мөлшерлемесін он екіге бөлгендегі шама) көбейтіндісі ретінде есептеледі. Үтірден кейінгі ондық таңбалар саны және дөңгелектеу тәсілі Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес айқындалады. Соңғы купондық кезең үшін купондық сыйақы негізгі қарыз сомасымен бірге бір мезгілде төленеді.

6) облигацияларды өтеу күні:

Облигациялар номиналдық құны бойынша, сондай-ақ есептелген купондық сыйақымен қоса Облигациялар айналысының соңғы күнінен кейінгі 15 (он бес) күнтізбелік күн ішінде өтеледі. Облигацияларды өтеуге арналған ақша, оның ішінде соңғы купондық сыйақы, Облигацияларды өтеуге арналған сома көрсетілген Облигация ұстаушылар тізімімен бірге «Бағалы қағаздар орталық депозитарийі» АҚ-да ашылған арнайы шотқа Эмитент тарапынан аударылады.



Уәкілетті тұлға:



Электрондық цифрлық қолтаңба:

**БЕЛЬДЕУБАЕВ АЛМАС
МУРАТХАНОВИЧ**
(тегі, инициалдары)

Бұл құжат ҚР 2003 жылдың 7 қаңтарындағы "Электронды құжат және электронды сандық қол қою" туралы заңның 7 бабы, 1 тармағына сәйкес қағаз бетіндегі заңмен тең.

Данный документ согласно пункту 1 статьи 7 ЗРК от 7 января 2003 года N370-II "Об электронном документе и электронной цифровой подписи" равнозначен документу на бумажном носителе.

